Батыс Қазақстан облысы Зеленов ауданы Рубежин ауылдық (селолық) округінің Чулпан қыстағы аумағына шектеу іс-шараларын енгізе отырып карантин аймағының ветеринариялық режимін белгілеу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Зеленов ауданы Рубежин ауылдық округі әкімінің 2013 жылғы 26 ақпандағы № 5 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2013 жылғы 11 наурызда № 3201 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Зеленов ауданы Рубежин ауылдық округі әкімінің 2013 жылғы 3 желтоқсандағы № 21 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Зеленов ауданы Рубежин ауылдық округі әкімінің 2013.12.03 № 21 шешімімен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы ", 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңдарын басшылыққа ала отырып және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Зеленов аудандық аумақтық инспекциясының мемлекеттік бас ветеринариялық–санитариялық инспекторының 2013 жылғы 31 қаңтардағы № 1-10-22/а ұсынысы негізінде және жануарлардың аса жұқпалы ауруларының ошақтарын жою мақсатында **ШЕШІМ Е Т Е М І Н** :

1. Батыс Қазақстан облысы Зеленов ауданы Рубежин ауылдық (селолық) округінің Чулпан қыстағы аумағында мүйізді ірі қара малдарының арасында бруцеллез ауруы анықталуына байланысты шектеу іс-шараларын енгізе отырып карантин аймағының ветеринариялық режимі белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Рубежин ауылдық (селолық) округі әкімі аппаратының бас маман – мал дәрігері Ж. Мусинаға жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық (селолық) округ әкімінің м. а. *М. Кабыкешов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК